

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомствоның бағынысты білім беру үйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растай) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 31 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13075 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 14.05.2020 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомствоның бағынысты білім беру үйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растай) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әдіlet" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде

орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік көсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зан департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
2016 жылғы 15 қантардағы  
№ 31 бұйрығымен  
бекітілген

**"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын респубикалық ведомствоның бағынысты білім беру үйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растай) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметті Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12449 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 632 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын респубикалық ведомствоның бағынысты білім беру үйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын

буру (растай) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің респубикалық бағынысты білім беру үйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Отініштер мен құжаттар топтамасын қабылдауды респубикалық ведомствоның бағынысты білім беру үйымдары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады (бұдан әрі – Министрлік).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын респубикалық ведомствоның бағынысты білім беру үйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растай) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау туралы қолхат болып табылады.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылды тәртібінің сипаттамасы**

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуы қажет.

4. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес аттестаттауға отініш ұсынуы мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімдерді (іс-әрекеттерді) бастауға негіз болады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімдердің (әрекеттердің) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) жауапты орындаушы құжаттарды қабылдауды, құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады – 15 минут;

2) кеңсенің қызметкері құжаттарды тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушыға қолхат береді – 5 минут.

6. Келесі рәсімді (әрекеттерді) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (әрекеттердің) нәтижелері:

1) құжаттарды кеңсеге тіркеу үшін жолдайды;

2) қолхатты беру.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы**

7. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) жаупты орындаушы;
- 2) кеңсе қызметкері.


8. Әрбір рәсімдердің (әрекеттердің) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (әрекеттердің) бірізділік сипаттамасы:

- 1) жаупты орындаушы құжаттарды қабылдауды, құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады – 15 минут;
- 2) кеңсе қызметкері құжаттарды тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушыға қолхат береді – 5 минут.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын респубикалық ведомствоның бағынысты білім беру үйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға тәсістірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растай) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

**"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын респубикалық ведомствоның бағынысты білім беру үйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға тәсістірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растай) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет**

## **регламентіне мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестердің анықтамасы**



- мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) ҚФБ рәсімдерінің (әрекеттерінің) атауы;



- келесі рәсімге (әрекетке) өту;



- келесі рәсімге (әрекетке) өту.